

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1234 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ЖОБА

**Қазақстан Республикасының Заңы "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 ж. 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат; 2004 ж., N 20, 116-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Бүкіл мәтіні бойынша "Мемлекеттік кеме тізілімінде", "Мемлекеттік кеме тізіліміне", "Мемлекеттік кеме тізілімі", "Мемлекеттік кеме тізілімінен" деген сөздер "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізіліміне", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімі", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-бап мынадай мазмұндағы 12-1), 13-1), 20-1), 49-1) тармақшаларын толықтырылсын:

"12-1) каботаж - Қазақстан Республикасының теңіз порттары арасындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңды құзырындағы тиеу пунктінен түсіру пунктіне дейін тасымалдау мен сүйретіп жүзу;

13-1) жіктеу қоғамы - Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі таныған кемелерді техникалық қадағалауды және жіктеуді жүзеге асыратын ұйым;

20-1) теңіз терминалы - жүктерді тиеу-түсіру, теңіз көлігінің түрімен сабақтас көлік құралдарын өңдеу, сондай-ақ жолаушыларды отырғызу-түсіру және оларға өзге де

қызметтер көрсетуге арналған жағдайларды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың, инженерлік құрылыстардың, көтергіш-көліктік және өзге де жабдықтардың жиынтығын қамтитын теңіз портындағы мамандандырылған аудан;

49-1) жіктеу қоғамының техникалық қадағалауы - кемелерді жобалауға, олардың конструкциясы мен жабдығына қатысты және куәландырудың негізінде халықаралық нысандағы тиісті куәліктерді берудің нормалар мен стандарттарын қамтитын халықаралық талаптарды ескере отырып, кемеге техникалық куәландыруды жүргізуі, бұл ретте жіктеулік қоғамның техникалық қадағалауын бақылау уәкілетті органда қалады;"

3. 3 баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "сондай-ақ" деген сөз алынып тасталсын.

4 . 4 - б а п т а :

1) 1-тармақ алынып тасталсын;

2) 2-тармақ 12) тармақшадағы "жатады" деген сөздің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2) және 12-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, ұзарту, сондай-ақ алып қою тәртібін бекіту;

12-2) шетел мемлекетінің туын көтеріп жүзуші кемелерге каботажды жүзеге асыруға рұқсаттар беру тәртібін бекіту;

12-3) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттары негізінде кемелерді техникалық қадағалау мен жіктеуді жүзеге асыратын жіктеу қоғамын тану туралы шешім қабылдау";

3) 3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 5-1), 6-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақтау ережесін бекіту;

6-1) шетел мемлекетінің туын көтеріп жүзуші кемелерге каботажды жүзеге асыруға рұқсаттар беру ; " ;

9) тармақша "жүзеге асыру" деген сөздердің алдынан "жүргізуге бақылауды" деген сөздермен толықтырылсын ;

10) тармақша "гидроқұрылыстардың" деген сөзден кейін ", жасанды аралдардың" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) теңізде жасанды аралдар мен басқа құрылыстарды салуды келісу;"

5. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Каботаж

Теңіз порттары арасындағы қатынаста, сондай-ақ тиеу пунктінен түсіру пунктіне дейін тасымалдау мен сүйретіп жүзуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші кемелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген

тәртіппен берілген рұқсат негізінде шетел мемлекетінің туын көтеріп жүзуші кемелер жүзеге асырады."

6. 12-бап "негізінде" деген сөзден кейін "әрбір екі жыл сайын кейіннен ұзарту құқығымен екі жылдан аспайтын, бірақ бербоут-чартердің қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Теңіз кемелеріне техникалық қадағалауды және оларды жіктеуді жіктеу қоғамдары жүзеге асырады. Өзге ұйымдардың кемелерге және кемеңің жекелеген элементтеріне техникалық қадағалау жүргізуіне жол берілмейді.

Кемеге сынып беру жіктеу қоғамы беретін жіктеу куәлігімен куәландырылады."

8 . 1 6 - б а п т а :

- 1) 4-тармақ "тізілімінде" деген сөзден кейін "теңіз," деген сөзбен толықтырылсын;
- 2) 7-тармақ "тізілімінде" деген сөзден кейін "бербоут-чартердің қолданылу мерзімін одан әрі ұзарта отырып, екі жыл мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;
- 3) 8-тармақ "тіркеу" деген сөзден кейін ", қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың көшірмесін беру" деген сөздермен толықтырылсын.

9. Мынадай мазмұндағы 18-1, 18-2-баптармен толықтырылсын:

"18-1-бап. Кемелерді қайта тіркеу

Егер кеме оқиғаның немесе кез келген басқа себептің нәтижесінде Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда, куәландырылғаннан және жүзуге жарамдылығы туралы куәлікті алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемеңі мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылуы мүмкін.

18-2-бап. Кемеңі Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан:

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;
- 3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан ;
- 4) осы Заңның 11-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін жоғалтқан кеме шығарылуға тиіс."

10. 28-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Кеме иесі оның кемелерімен болған авариялық жағдайларды тексеру кезінде көмек көрсетуге міндетті."

11. 31-баптың 1-тармағы 15) тармақшадағы "міндетті" деген сөз алынып тасталып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) кеме иесіне авариялық жағдай туралы хабарлауға, уәкілетті орган бекіткен кемелермен болған авариялық жағдайларды тексеру ережесіне сәйкес алдын ала тексеру жүргізуге және кеме не оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен

кейін 3 тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы егжей-тегжейлі хабарламаны, кеме құжаттарынан көшірмелерді, қатысы бар тұлғалар мен куәгерлердің түсініктемелерін беруге міндетті.

Қажет болған кезде өзі жазатын таспаларды, олардың мағынасын ашып жазуды, жолы көрсетілген жол картасын, маневрлеу схемасын, зақымданулардың схемалары мен сызбаларын, басқа да қажетті құжаттарды ұсынсын."

1 2 . 3 5 - б а п т а :

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Теңіз портында жүк тиеу (түсіру) және кемелерге олардың келу кезектілігі тәртібімен қызмет көрсету, жүкпен көліктік-экспедиторлық және қойма операциялары, көліктің басқа түрлерінен жүкті теңіз көлігіне ауыстырып тиеу және керісінше істеу, теңіз кемелері жолаушыларына қызмет көрсету, сондай-ақ порт кемелерінде және көліктің басқа түрлерінде жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау жүзеге асырылады." ;

2) 2-тармақтағы "теңіз терминалының операторы" деген сөздер "теңіз портын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленген тұлға, теңіз терминалының операторы мен өзге де жеке және заңды тұлғалар." деген сөздермен ауыстырылсын.

1 3 . 3 6 - б а п т а :

1) атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Теңіз портын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленген тұлғалардың теңіз терминалы операторы мен өзге де жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі";

2) 1-тармақтағы "Теңіз порты (теңіз терминалының операторы)" деген сөздер "Теңіз портын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленген тұлғалар, теңіз терминалының операторы мен өзге де жеке және заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 2 және 3-тармақтардағы "Теңіз портына (теңіз терминалының операторына)" деген сөздер "Теңіз портын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленген тұлғаларға, теңіз терминалы операторы мен өзге де жеке және заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. 37-баптағы "Теңіз порты (теңіз терминалының операторы)" деген сөздер "Теңіз портын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленген тұлғалар, теңіз терминалының операторы мен өзге де жеке және заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 40-баптың 4 тармағының 1) тармақшасы ", соның ішінде порттың айдынында және кіреберіс каналында кемелердің өтуінің рұқсат етілген шөгуін жариялауға" деген сөздермен толықтырылсын.

16. 177-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК